



ӨМІРЗАҚ СҰЛТАНҒАЗИН АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КОСТАНАЙСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
“АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУЫ КОНТЕКСТІНДЕГІ БІЛІМНІҢ РӨЛІ”**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ

**К 125 ЛЕТИЮ МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА
“РОЛЬ ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
КАПИТАЛА”**

23 қараша 2018 ж., Қостанай қ.
23 ноября 2018 г., г. Костанай

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

А 32

**РЕДАЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

Әбіл Еркін Аманжолұлы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;

Медетов Нурлан Амирович, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму проректоры, физика – математикалық ғылымдарының докторы;

Мусабекова Гульвира Айдархановна, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелері жөнендегі проректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты;

Ахметов Тлеген Альмуханович, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Аманжол Күзембайұлы, тарих ғылымдарының докторы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының профессоры (Мәскеу, Ресей)

Оспанов Серикбай, филология ғылымдарының кандидаты, педагогика кафедрасының аға қызметкері;

Айдналиева Назгуль Аманжоловна, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психология-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;

Утегенова Бибигуль Мазановна, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Мнайдарова Светлана Сейтжановна, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушы, педагогика ғылымдарының кандидаты;

Калиев Дастан Дуйсенұлы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі.

**«АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ КОНТЕКСТІНДЕГІ БІЛІМНІҢ РӨЛІ» = «РОЛЬ
ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА».** –

А 32

Қостанай, 2018. – 244б.

ISBN 978-601-7934-59-0

«Адами капиталды даму контекстіндегі білімнің рөлі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғарғы оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер адами капиталды даму контекстіндегі қазіргі заманауи білім берудің өзекті мәселелерін айқындады, тәрбие жүйесінің өскелең ұрпақтың басымдықтары мен құндылықтар бағдарын қалыптастырудағы шешуші рөлін көрсетті, білім берудің жаңа міндеттеріне сәйкес педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдірудің қажеттілігін негіздеді.

Аталған жинақ жоғарғы оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналған.

В сборник включены материалы международной научно-практической конференции к 125 летию Магжана Жумабаева «Роль образования в контексте развития человеческого капитала».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники отразили актуальные проблемы современного образования в контексте развития человеческого капитала, показали ключевую роль системы воспитания в формировании ценностных ориентаций и приоритетов подрастающего поколения, обосновали необходимость совершенствования профессионализма педагогов в свете новых образовательных задач.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ и научные сотрудники.

**ӘОЖ 37.0 (063)
КБЖ 74.00**

ISBN 978-601-7934-59-0

©Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2018

©Костанайский государственный педагогический университет, 2018

2. там же. -50
3. Кузембайұлы А., Абиль Е. История Казахстана. Учебник для вузов. 7-е изд. перераб. и доп. - СПб: Соларт, 2004. - с. 38.
4. Там же, - с. 38.
5. Там же, - с. 39.
6. ЛЕВ ГУМИЛЕВ: энциклопедия/гл. Ред. А.Б. Садықов., ост. Т.К. Шаянбай. - Астана: 2012. - 445 с.
7. Константин Багрянородный. Об управлении империей. Текст, перевод, комментарий/ Под ред. Г.Г. Литаврина, А.П. Новосельцева. М., 1991; с. 157.
8. История отечества с древ. времен до наших дней. Энциклопедический словарь. Сост. Б.Ю. Иванов и др. - М.: 1999. - с. 454.
9. Там же.
10. Гумилев Л.Н. Черная легенда: Друзья и недруги Великой степи. - М.: Экспресс, 1997. - с. 66.
11. Введение к Худуд ал-Алам // Материалы по истории киргизов и Киргизии / Отв. ред. В. А. Ромодин; АН СССР. Ин-т востоковедения. АН Кирг. ССР. Ин-т истории. - М.: Наука, 1973.
12. В.О. Ключевский. Русская история. - М.: Изд-во Эксмо, 2005. - с. 24.
13. Большая Энциклопедия Т. 15. СПб.: 1904. - с. 139
14. Голубовский П. В. Печенеги, торки и половцы до нашествия татар. История южно-русских степей IX—XIII вв. - Киев: 1884. - с. 32.
15. <http://nomadica.ru/ethnic/pechenegi.htm>
16. . Плетнева С. А. Половцы М. «Наука» 1990
17. Голубовский П. В. Печенеги, торки и половцы до нашествия татар. История южно-русских степей IX—XIII вв. - Киев: 1884. - с. 35.
18. <http://nomadica.ru/ethnic/pechenegi.htm>
19. История отечества с древ. времен до наших дней. Энциклопедический словарь. Сост. Б.Ю. Иванов и др. - М.: 1999. - с. 471.
20. Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. - Алматы: Жалын, 1993. - с. 87.
21. Большая Энциклопедия Т. 15. СПб.: 1904. - с. 139
22. <http://mfina.ru/pechenegi/>,

МАҒЖАН ДҮНИЕТАНЫМЫ

Аухатова Рза Жансултановна
 Мурзагалиева Кенжегуль Зайнуллиновна
 «Лисаков техникалық колледжі»
 КМҚК оқытушылары
 Лисаков қ.
 E-mail: ms.rza@mail.ru

Аннотация

Аталмыш мақалада Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы қарастырылады. Ақын поэзия арқылы өзін қоғамдық күрестің белсенді қатысушысы ретінде танытты. Мақалада ұлы қаламгердің, жалынды ақынның терең ойшылдығы, көрегендігі және азаматтық мінезі қарастырылады.

Түйінді сөздер: Мағжан, философия, ақын, шығармашылық, ойшыл, дүниетаным, патриотизм.

Аннотация

В данной статье рассматривается творчество Магжана Жумабаева. Поэт через поэзию проявил себя активным участником общественной борьбы. В статье

рассматриваются глубокая мысль, видение и гражданский характер великого писателя, пламенного поэта.

Ключевые слова: Мағжан, философия, поэт, творчество, мыслитель, мировоззрение, патриотизм.

Abstract

This article discusses the work of Magzhan Zhumabayev. The poet through poetry proved to be an active participant in the social struggle. The article deals with the deep thought, vision and civic character of the great writer, ardent poet.

Keywords: Magzhan, philosophy, poet, creativity, thinker, worldview, patriotism.

«Мағжан - культурасы зор ақын... заманнан басып озып, ілгерлеп кеткен ақын болады...

Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бойрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжан сөзі».

Мұхтар Әуезов.

Жиырманшы ғасырдың басы –қазақ философиясының даму тарихы тұрғысынан әлі күнге дейін толық және терең зерттелмеген кезең. Бұл кезеңде әйгілі ақындар мен жазушылардан, ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінен құралған демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ерекше шоқжұлдызы: Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов сынды алыптар өмір сүрді. Шын мәнінде олар өз заманының озық туған тұлғалары еді.

Әлемді, адамды, оның өзін-өзі тануын, тұлғаның өмірдегі орны мен рөлін философиялық және этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ философиясының ерекше сипаты болып табылады. «Қазіргінің талай елін қайран қалдырған осынау байтақ кеңістікті кернеген поэзиялық әлем, - деп атап көрсетті Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында,- тек қана сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген. Ол жаңашылдықтың жалынын лаулата білген. Содан да болар, қазақтың поэзиялық шығармашылығында мейлінше терең танымдық қасиеттер бар. Сондықтан да қазақтың дәстүрлі поэзиясы ұдайы философиямен шендесіп жатады».

Жиырманшы ғасырдың басындағы қазақ ойшылдары адам бойындағы даралық қасиетке ерекше мән берді, кез келген кісіге қайталанбас жаратылыс жұмбағы ретінде қарады, адам мен ұлттың тарихтағы рөлін дұрыс бағалай білді. Дәл осы кезде өмір сүрген ең көрнекті қазақ ақындарының бірі Мағжан Жұмабаев поэзия аспанын өзінің құдай берген жарқын талантымен ерекше шұғылаға бөледі. «Абай да сөздің ішін мәнерлеп, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыспен сурет жасауда, сөздің сыртқы түрін әдемілеуде Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ... Олай болса, ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп ашқан күшті ақын Мағжан екеніне дау жоқ»- деп жазды Жүсіпбек Аймауытов.

Мағжан Жұмабаевтың шығармаларында айтылатын қағидалар мен ойлар, ақын жүрегін мазалаған толғаныстар бүгінгі таңда өз мәнін жойған жоқ. Керісінше, уақыт озған сайын ұлттық, ұлыстық, жалпыадамзаттық философиялық-әлеуметтік проблемалар қатарында алдымызда қайта шығып отыр.

Ақынды алғашқы өлеңдерінен бастап, соңғы демі үзілгенше туған халқының, бүкіл түрік жұртының, жалпыадамзаттың тағдыры толғандырады. Ес білгеннен көкжиекке дейін керілген кең байтақ даланы тамашалап, еркін өскен, елінің өткен даңқты тарихы мен ертегі-аңыздарын құлағына құйып өскен Мағжан бойында өршіл ұлттық рух кемерінен асып төгіледі:

«Шынында менің өзім де-от,
Қысылған кара көзім де-от.

Мен оттанмын, от – менен
Жалынмын мен жанамын
Оттан туған баламын».

Ақынның «от» деп отырғаны - халықтың ұлттық рухы. Ұлттың тарихи және философиялық зердесін оятып, рухын көтеру арқылы ғана ел тәуелсіздігіне қол жеткізуге, тіпті, әлем халқына өз өркениетінді танытуға болады деп есептейді.

«Ұйқы басқан қабағын,
Бастыра киген тымағын,
Жалқаулықты жар көрген.
Жүрген ескі заңымен,
Алдындағы малымен,
Бірге жусап, бірге өрген.
Алаш деген елім бар,
Неге екенін білмеймін-

Сол елімді сүйемін!»- деп суреттейді ақын сол замандағы ұлтының болмысы мен тұрмысын. Ақын әлемде не болып жатқанымен шаруасы жоқ, қоңырқай тіршілік кешіп жатқан халқын сүйіп қана қоймайды, оның ертеңгі болашағының жарқын болатынына сенеді. Оның сол жарқын болашаққа тезірек жетуі үшін жанын да, қанын да аямайтынын паш етеді.

Мағжан Жұмабаев –қазақтың ұлттық ақыны. Ол қазақ қауымын құрайтын барша әлеуметтік таптардың, топтардың, ру-тайпаның қай-қайсысына да, бір адамына дейін бүкіл өлеңімен, өмірімен жанын сала қызмет етеді. Сонымен бірге ол ұлт шеңберінде қалып қойған жоқ. Нағыз ұлт ақыны күллі адамзат ақыны да. Ұлтты сүю, кісілік деңгейге дейін көтерілу, туған халқының мүддесі үшін құрбандыққа баруға әзірлік- Мағжан Жұмабаевтың өмірлік мұраты. Жас ұрпаққа арналған «Педагогика» оқулығында: «Өз елін сүю дегеннен адам өз халқынан басқа халықтарды мейлінше жек көрсін, басқа халықтарға қасқыр болып тисін деген сөз шықпайды. Адам өз халқының адамдарын сүюінің үстіне басқа халықтардың адамдарын сүюге міндетті», - деген де Мағжан («Педагогика», 136-137 беттер).

Жиырмамыншы ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының басты мұраты-елін құлдықтан құтқару, жаң ұлттық сананы қалыптастыру, өзге өркениетті елдер қатарына қосу болды. Мағжан да осы мұратты жүзеге асырудың жолдарын іздеп, басын тауға да, тасқа да соққан.

«Кітап әпер, оқысын, балаң қолына,
Малды аяма оқу-білім жолына.
Өнер алып, басқалармен қатар бол,

Қосыл бірдей азаматтың тобына!»- деп қазақ ұлтының әлемдік өркениет көшіне қосылуының жолын өнер-білімнен, жас ұрпақтың өзге елдердегі замандастарымен бәсекеге түсе алатындай етіп тәрбиелеу ісінен іздейді.

Ойшыл ақын адам болмысына жақсылық жасауға деген ұмтылыс пен жамандықтан бойын аулақ салу тән деп есептейді. Мағжанның пікірі бойынша бақытты өмір адам мен қоғамның, ұлт пен адамзаттың бірлігін қалайды. Адам бақыты-біріншіден, анаға, одан кейін жақынына, Отанына сүйіспеншілігіне, екіншіден, ұлт пен адамзаттың жай-күйіне тәуелді. Адам өз заманы мен мәдениетінің перзенті, ол өзінің қызметінде өз ұлты мен адамзаттың мүддесін басшылыққа алады.

Ой еркіндігі Мағжан дүниетанымының басты принциптерінің бірі. Еркіндік адамның өз ойы мен ісі үшін жауапкершілікте екенін білдіреді. Жауапкершілік сезімі адамның басқалармен өмір сүру қажеттілігінен туындайды. Адамның ақылы мен ойы қаншалықты терең болса, соншалықты оның жауапкершілік сезімі де жоғары. Ұлы ойшыл адамның жандүниесіне керекті бірден-бір қасиет-қиялдың қалыптасуына жағдай тудыратын оның қоршаған ортасы деп санаған.

Кеңестік құқықтық саясат ұзақ уақыт бойы осындай кемеңгер ақынның есімін айтқызбай, халық жадына ұмыттыруға тырысып бақса да, Мағжан жырлары қара түнектің өзін жарып шықты, сөйтіп, өзі армандаған тәуелсіз қазақ елінің еркін ойлы азаматтарына мәңгілік рухани азыққа айналды.

«Жібердің басқа жұртқа Жолбасшылар,
Әр жұрттың жолбасшымен көзі ашылар.
Не елші, не жол сілтер кітабы жоқ,

Алашқа әлде жазғаны бар да шығар? -деп бүгінгі күнді болжап кеткен ақынның сұңғылалығына тәнті бола отырып, нағыз сын сағатта елімізді тәуелсіздікке бастаған Жолбасшының да, жол сілтер кітаптардың болғанына мың да бір шүкіршілік етеміз.

Шын мәнінде елін, жерін сүйген адам ғана халқының патриоты бола алады. Олар халқына адал қызмет етіп, өмірін соған арнайды. Патриоттар елінде болып жатқан әрбір оқиғадан қалыс қала алмайды. Жақсы болса, халқымен бірге қуанады, жаманына күйзеледі. Мағжан да өзінің бар саналы өмірін туған халқына қызмет етуге арнаған шығармашылығымен елінің елдігін де, ездігін де жырға қосқан, сонысы үшін отқа да күйген, суға да түскен аяулы азаматтарымыздың қатарында көріне біледі. Әдебиет бақшасында ұзақ жылдар бойы еңбектенуге тағдыр оған жазбады. Небәрі он бес жылдың шабыт жолының өзі де жеңіл бола қойған жоқ. Заманымен күресті, арбасты, айқасты. Ақыры өзі майып болды. Бірақ оны жеңілді деп айта алмайсың. Ол жеңді. Аз ғұмырын саз мұратымен ұзартты.

М.Жұмабаевтың барлық шығармалары ұлттық нақышта жазылып, патриоттық рухқа толы, отансүйгіштік, түрікшілдік идеялар өзекті орын алған. Педагог-ақын өзінің әрбір шығармасы арқылы оқушыларды патриоттық қасиетке тәрбиелеуге бағыттады. Оның «Педагогика» атты оқулығы тұнып тұрған халықтық педагогика мен психологиясы. Онда халықтың мінез-құлқы, әдет-ғұрпы, бала тәрбиелеудегі тәсілдері ерекше нақышпен суреттелген. Педагог-ғалым М.Жұмабаев халық педагогикасын ғылыми тұрғыдан баяндай отырып, оларды қолданудың әдіс-тәсілдерін жаңаша жайғдайда пайдаланудың қажеттілігін ұсынды. Сол мұралар арқылы оқушыларды ізгілікке, адамгершілікке, адами ұлы қасиеттерге тәрбиелеудің жолдарын көрсетті.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады» деп жазды. Біздің басты міндетіміз- өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында туған жерге деген сүйіспеншілік, болып жатқан оқиғаларға немқұрайлы қарамау және өз мемлекетінің өркендеуіне белсенді қатысу сияқты адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу және Мағжан бастаған жолды әрі қарай жалғастыру.

Мағжан поэзиясы келер ғасырлардағы талай ұрпаққа ата-бабаларының мұны мен шерін, арманы мен рухын ұмыттырмай, үнемі құлағына құюмен болары анық. Жер бетінде Қазақ елі мәңгі тұрғанда, осынау мәңгілік сарын да ешуақытта үзілмейді және сөнбейді деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы. 1992
2. Б.Байменова. М.Жұмабайұлының педагогикалық мұрасы // Ұлт тағылымы.
3. Кадралинова М.Т. Возвращенные имена. Костанай, .
4. Шериаздан Елеукенов «Мағжан Жұмабаев»
5. Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы 2017жылғы 12 сәуір.

Алғы сөз.....	3
Аманжол Күзембайұлы Мағжан Жұмабайұлының «Батыр Баян» жырының тарихилығы.....	4
Ахметов Т.А. Мағжан Жұмабаев – өлең сөздің пайғамбары.....	7
Утегенова Б.М. К вопросу о необходимости изменений в образовательной практике педвуза.....	11
Абдрахманова М.С. Мағжан Жұмабаевтың ойлау ұғымы мен сындарлы оқыту үндестігі.....	14
Айтуарова Л.Н. Патриотическое воспитание как основа формирования духовных ценностей у подрастающего поколения.....	16
Аканбаев Б.Н. Нұркелді П. Эмоционалды күйіп кетудің белгілері және салдары...	19
Аманжол Күзембайұлы, Алибек Т.К., Шақимбаева А.Р. Движение Марал-ишана: характер и идейные основы.....	22
Аманжол Күзембайұлы, А.Сероус Раннесредневековые печенеги.....	26
Аухатова Р. Ж., Мурзагалиева К.З. Мағжан дүниетанымы.....	30
Ашимова Н.Т. Просветительские идеи Магжана Жумабаева и современная образовательная система.....	34
Байжанова С.А., Балгабаева Г.З. Формирование поликультурной личности младшего школьника в условиях модернизации общественного сознания.....	38
Батура Л.В. Некоторые инновационные подходы в преподавании математики в школе.....	43
Батыргалиева Р.Т. Исследование современного урока географии в условиях малокомплектной школы: проблемы и перспективы.....	48
Бегежанова Г.Х. Білім берудегі инновациялық технологиялар.....	50
Болотвина Г.В. Педагогические взгляды Магжана Жумабаева.....	54
Гвиздок Л.В. Великий сын востока.....	57
Геворкян А.Р. Применение элементов дистанционного обучения в учебном процессе колледжа.....	61
Гончар Н.А., Иванова Е.Н. Некоторые особенности отражения педагогических идей М. Жумабаева в современном образовании.....	65
Даулетбаева Г.Б. Мұғалімнің кәсіби бағыттары пәнінің мазмұнындағы талантты және дарынды балаларды оқыту тақырыбын оқыту мәселесіне.....	68
Досмурзина А.К. Инновациялық әдіс-тәсілдерді білім беруде қолдану.....	70
Ермаганбетова А.Ж., Бексултанова Р.Қ. Мағжан Жұмабаев және заманауи білім..	73
Жармухамбетова Ж.К. Балалар әдебиетіндегі Мағжан.....	76
Жумабаева Г.Т. Мағжан Жұмабаев еңбектері- рухани әлемді танудың көзі.....	81
Жумабаева М.А. Актуальность педагогических трудов Магжана Жумабаева в современной образовательной системе.....	83
Иванова Е.Н. Некоторые возможности использования педагогических идей М.Жумабаева студентами в воспитательной работе с учащимися	88
Иванова Е.Н., Лантух Я.С. К вопросу направлений ознакомления студентов с инновационными подходами к обучению учащихся начальной школы.....	91
Ивышева Э.К. Жас ұрпақты рухани құндылықтармен тәрбиелеу жүйесін қалыптастыру.....	95
Ильясов Е.К. Реализация задач духовно-нравственного воспитания на уроках математики.....	98

Ильясова Г.А. Сабақты зерттеу» тәсілі эксперименталдық зерттеудің ерекше нысаны ретінде.....	102
Исетова Б.К. Использование передовых педагогических идей М. Жумабаева при формировании ключевых компетенций учащихся на уроках математики.....	106
Исмагулова К.Б., Симакина И.А. Развитие у детей общечеловеческих ценностей на интегрированных уроках.....	109
Кабденова Ж.М. Мағжан Жұмабаев - жарық жұлдыз.....	112
Калиев Д.Д. Мешітхан А.А. Дебат технологиясы арқылы тұлғаның көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыру жолдары.....	116
Калиева А.А. Өскелең ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастырудың негізгі шарты – тәрбиеші-педагог шеберлігі.....	119
Карамурзина А.Б. Жаңаша үлгідегі сабақты ұйымдастыру – мұғалімнің жеке шығармашылық жұмысы.....	122
Карымсакова Д.Т, Утегенова С.Т. Методика проведения семинарского занятия в системе образования.....	126
Кенжегарина А.Ә., Арыстан Н.Н. Инновациялық білім беру – дамыған ұстаз, дамушы оқушыны қалыптастыру бағыты.....	129
Кокасова Р.К. Мағжан Жұмабаевтың өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қосқан үлесі..	133
Қонарбаева Б.Қ. Білім беру тәжірибесіндегі инновациялық тәсілдер.....	135
Куркбасова Г.С. Оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық қарым-қатынастың тиімділігі.....	139
Мурат С. Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері - ұлттық рух пен патриоттық тәлім-тәрбиенің қайнар көзі.....	144
Мурзабекова А.Б. Обучение с использованием мобильных устройств как новая система взаимодействия участников образовательного процесса.....	147
Муханова А.М., Биримжанова А.К. Жаңартылған білім-заман талабы.....	149
Нургалиева А.Ж., Бабаченко Л.П. К вопросу о некоторых задачах духовно-нравственного воспитания учащихся общеобразовательной школы.....	152
Нурушева Г.К. Вопросы организации курсов подготовки и переподготовки казахских специалистов в 1920 годы (на основе архивных материалов).....	155
Порошина Т.И. Основные аспекты исследования духовно-нравственных ценностей в контексте социально-гуманитарного знания.....	160
Саметова Н.С. Жас ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдіру.....	162
Саутпаева А.А., Барамбаева К.А. Білім берудің тиімді түрі.....	165
Сафронова Г.К. Инновационные технологии и подходы в работе социального педагога.....	168
Сембетова Г.С. Өскелең ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды қалыптастыруда қазақ әдебиетінің ролі	172
Смолева Н.В. Применение метода джигсо на уроках специальных дисциплин...	175
Сулейменова Қ.Қ. Ұлт мақтанышы – Мағжан Жұмабаев.....	178
Сулейменова Л.М., Шинибекова Г.С. Білім беру тәжірибесіндегі инновациялық тәсілдер.....	181
Султанова А.С. Мағжанның маржан мұрасы.....	185
Сураганова Б.Б. Использование произведений Магжана Жумабаева в преподавании истории казахстана	189
Сыздыкова Қ.К. Білім беру тәжірибесіндегі инновациялық тәсілдер.....	192
Тайкенова А.У. Мағжан Жұмабаевтың ағартушылық идеяларының қазіргі заманғы білім беру жүйесімен үндестігі.....	196
Тортулова А.Ә. Мағжан Жұмабаевтың келешек ұрпаққа салған дара жолы.....	198
Уварина Н.В. Аспекты креативно-прогностического управления в современном образовании.....	200

Уразова Л.И. Внедрение инновационных технологий в образовательную практику-становление конкурентоспособного специалиста.....	204
Фатхудинова И.В. Экологическое образование, воспитание и культура.....	209
Хамзина К.Б. Жастарға ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастырудағы тәрбие мәселелері.....	212
Шалгимбекова А.Б., Шамитдинов А.М. Қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі инновация.....	216
Шарипов К.К. Созвучие просветительских идей Магжана Жумабаева современной образовательной системе.....	219
Шолқыбаева Р.М., Жантлесова М.Х. Өскелең ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастырудың негізгі шарты – тәрбиеші-педагог шеберлігі ...	222
Шолпанбаева Ғ.Ә., Безаубекова А.Д. Мағжан Жұмабаевтың шығармаларындағы ұлттық тәрбие.....	225
Шыныбекова А.Б. Сохранение национальной идентичности через педагогические идеи М. Жумабаева	228
Мнайдарова С.С., Ахманова К.Б. Созвучие просветительских идей Магжана Жумабаева современной образовательной системе.....	231
Көбекова А.Қ Студенттердің көшбасшылығы.....	234
Сауленко Т. Н., Науменко Н. Ю. Этнопедагогика М. Жумабаева и современность.....	239